

КОГНИТИВТІК ЛИНГВИСТИКАНЫҢ КАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Ж.А. Байзаков

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті
Өзбек тіл білімі кафедрасының оқытушысы (PhD)**Аннотация:**

Когнитивтік лингвистика когнитивизм негізінде адамға бағытталған парадигма аясында пайда болды. XX ғ. аяғында адамның танымдық қызметіндегі тілдің орны қарастырыла бастады.

Кілтті сөздер: когнетив, интеллектуалды, ментальды, талдамалы, когниция, ойлау, білім концептуализациялау, концептуалды жүйе.

Аннотация:

Когнитивная лингвистика возникла в рамках человекоцентричной парадигмы, основанной на когнитивизме. В конце 20 века стали рассматривать роль языка в познавательной деятельности человека.

Ключевые слова: познавательный, интеллектуальный, мыслительный, аналитический, познание, мышление, концептуализация знания, понятийная система.

Когнитивизм – адам ақыл ойын, олармен байланысты ментальды процестерді зерттеу объектісі етіп алған ғылымдарға бағытталады. Қазіргі кезде ғылым салаларында «когнитивті төңкеріс» туралы сөз болуда. Американдық белгілі ғалым Н.Хомский: «Когнитивтік төңкеріс ақыл – ой мен мыйдың жағдайын, олардың адамның когнитивтік болмысына: біліміне, ұғымына, түсінігі мен сеніміне қалай ықпал ете алатынын зерттейді» (Хомский, 1999) деп жазды. Адамның білімі мен түрлі ақпараттарды қабылдауына қатысты процесс когнитивтік немесе когницизм деп аталады. Оларға «интеллектуалды», «менталды», «талдамалы» терминдері синоним бола алады.

Адам интелектісімен, ойлау заңдылығымен ерте заманнан бері логика, философия, физиология, психология айналысып келеді. Философияда таным теориясымен айналысатын гносеология бөлімі бар. Алайда когнитивистика аясында байырғы мәселелер жағнаша түсіндіріле басталды.

Когнитивизм - адам санасындағы менталды үдерістерді басқаратын жалпы қағидалар туралы ғылым. Когнитивтік ғылым және когнитивтік лингвистиканың өзара байланыстары. Білім және ақпарат: когнитивтік үдерістер. Когнитивизмнің зерттеу нысаны адам ақыл-ойы, санасы және солармен байланысты менталды үдерістер. Қазір "когнитивизм" термині аясында келесі мәселелер қарастырылады: а) адамның "ойлау механизмін" зерттеу бағдарламалары; ә) әр түрлі каналдар арқылы адам миына түсетін ақпараттарды өңдеу үдерістерін зерттеу; б) әлемнің менталды моделінің құрылымы; в) әр текті когнитивтік актілерді қамтамасыз ететін жүйелердің құрылысын; г) табиғи тілде

баяндалған ойларды адамның және компьютерлік бағдарламалардың қалыптастыруы мен түсінуі; мәтінді түсінуге және тудыруға қабілетті компьютерлік моделдердің жасалуы; д) ойлау актілеріне қызмет ететін психикалық үдерістердің түрлері. Адамның когнитивті дүниесі оның қылығы мен әрекеті арқылы зерттеледі. Бұл орайда тіл белсенді рөл атқарады. Тіл адамның кез келген әрекетінің ойлау жүйесін, мотивін т.б. танытады.

Когнитивтік лингвистика когнитивизм негізінде адамға бағытталған парадигма аясында пайда болды. XX ғ.аяғында адамның танымдық қызметіндегі тілдің орны қарастырыла бастады.

Когнистикада адами когницияға басты мән беріледі, ол тек бақылауға алынған іс – әрекет деңгейінде зерттеліп қоймай, оның менталды репрезентациясы (ішкі қабылдау, модель), символы, даму стратегиясы (білім негізінде жүзеге асатын іс – әрекет), адамның когнитивтік әлемі, тілдің белсенділік әрекетімен ілгерілеп отыратын мінез – құлқы мен іс – әрекеті бойынша зерттеліп, мотивтері мен қалыптасу нәтижесі қатар қаралады.

1960 жылы американдық профессорлар Дж. Миллер мен Дж. Бруннер Гарвард университетінде когнитивтік зерттеудің алғашқы орталығын құрды.

20 ғасырдың аяғында тілді зерттеу адамның танымдық қызметі тұрғысынан қарала басталды. Сөйтіп, когнитивтік лингвистика антропоцентристік парадигма аясында когнитивизм аясында пайда болды. Когниция – когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымы. Ол білім мен ойлаудың тіл арқылы танылуын қарастырады. Сондықтан да когнитивизм тіл білімімен тығыз байланысты. Тіл – мәдениет пен қоғамнан да жоғары дәрежеде адам танымы мен мінез – құлқына жол ашады.

Адам санасы мен ойлау процесіндегі құбылыстар тіл арқылы ғана белгілі болады.

Когнитивтік лингвистика сияқты психолингвистика, этнолингвистика, соңлингвистика ғылымдарының пайда болуы тіл білімінде үлкен өзгеріс тудырды. Лингвистика тілдің жалпы құрылымын зерттейтін ғылымнан тілді адам ойлауы мен танымына байланысты қарастыратын гуманизацияланған ғылымға айналды.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі құралдары: есте сақтау бірліктері – фреймдер, концептілер, гештельт және т.б когнитивтік лингвистика дүние бейнесін модельдеуге (тұрпаттауға), тілдік сананы модельдеуге бағытталады.

Дүние туралы белгілі бір дүниетанымның қалыптасуы психикалық сәулеленудің үш деңгейінің өзара қатысымдылығына байланысты: сезімдік қабылдау деңгейі, қабылдауды қалыптастыру деңгейі (жалпыландыру, дерексідену), сөйлеу – ойлау (речемышлительный) процесс деңгейі.

Когнитивтік лингвистика мен дәстүрлі құрылымдық семантикалық лингвистика бір – бірімен альтернативті ойлаудың ағымы емес, олар лингвистикалық ақиқатты танудың әртүрлі қырлары.

Когнитивтік лингвистикада тілдің таным құралы және танымның алғы шарты екендігі басты назарда ұсталынады. В. Гумбольдт кезінде тілдің адам болмысы мен танымының барлық аясын қамтитын адами рухтың басты қызмет екендігін баса көрсеткен болатын. Когнитивтік лингвистиканың негізгі ұғымдары: ойлау, білім концептуализациялау, концептуалды жүйе, когниция, дүниені тілдік көру, когнитивтік база, ментальды

репрезентация, когнитивтік модель, категоризация, вербализация, менталдылық, мәдени константтылық, концепт, дүние бейнесі, концептосфера, ұлттық мәдени кеңістік т.б.

Когнитивтік лингвистика – 20 ғасырдың 700 жылдары Европада кең таралған лингвистикалық бағыт болып табылады. Бұл лингвистикалық бағыт өзінің пайда болған отаны Америка Құрама Штаттарында «когнитивті грамматика» деп аталса, Ресейде «когнитивті семантика» - когнитивті зерттеулердің алғашқы бастауы болды. Когнитивтік лингвистиканың ерекшелігі жаңа пәннің тіл туралы ғылым аясында жорамалдануында да, тіпті зерттеуге жаңа құралдар мен әдістемелер енгізуінде де емес, танымды жаңаша әдіспен бекітуінде болып отыр. Когнитивтік лингвистиканың пайда болуы лингвистиканылық зерттеудегі әдіснамалық ілгерілеу болды. Іргелі ілгерілеудің құрамдас бөлігі Н. Хомскидің генеретивті грамматикасының пайда болуымен, лингвистикалық прагматиканың дүниеге келуімен, лингвистикалық семантиканың қарқынды дамуымен, мәтін теориясымен, осы теорияның шынайы дискурстағы тілдік бірліктердің сипатына ерекше ден қоюымен тығыз байланысты. Барлық осы зерттеу бастамаларында тілдік фактілерді түсіндіру идеясы алдыңғы қатарға шықты. Мәселен, тілдік прагматикада мұндай фактілер адам қызметінің әлеуметтік контекстегі ұстанымдары түрінде болса, когнитивтік лингвистикада құрылым, адам санасындағы үдерістер, атап айтқанда: фрейм, когнитивті модель, менталды кеңістік тілді зерттеудің модельді құрылымдары ретінде алынады.

Лингвистикалық семантика когнитивті лингвистиканың даму көзі болып табылады. Кейбір зерттеушілер когнитивті лингвистиканы «аса тереңдетілген семантика» деп есептейді, оны семантиканың табиғи даму нәтижесі ретінде қарастырады. Олар тілдік семантиканың категориясын адам танымы арқылы дүниені меңгерудің нәтижесін көрсететін жалпылама ұғымдық категория ретінде түсінеді. Когнитивті лингвистиканың зерттеу нәтижелері тек семантикада ғана қолданылып қоймайды, мәселен, прототип ұғымы сонымен бірге фонологияда, морфологияда, диалектологияда қолданады және т. с. с. когнитивті лингвистиканың семантикалық проблематикамен табиғи тепе-теңдікте болуы және оның лингвистикалық семантикамен методологиялық жақындықта болуы, әсіресе, Ресей ғалымдарының когнитивті лингвистика немесе когнитивті грамматика туралы емес, когнитивті семантика туралы сөз қозғауына жол ашты. Когнитивті лингвистиканың бірден бір зерттеушілері Н.Д.Арутюнова, А. Вежицкая, Ю.С. Степанов, Е.С. Кубрякова, В.Н. Телия дәл осы семантикалық зерттеулер арқылы когнитивті лингвистикаға келді.

Жоғарыда аталған даму көздерінен басқа когнитивті лингвистиканың дамуында белгілі деңгейде роль атқарған – Лингвистикалық типология мен этнолингвистика, нейролингвистика (тілді адам миының тұтас менталды қызметінің ұғымдық негіздемесі ретінде түсіндіреді), психоллингвистика, культурология, тарихи-салыстырмалы тіл білімі.

Зерттеушілердің көрсетуінше, қазіргі таңда когнитивтік лингвистика іштей бірнеше бөлімдерден тұрады: 1. Табиғи тілдің түсінілуі және жасалу үдерісін зерттеу; Тарихи жағынан біршама байырғы зертеу түрі. Мәтіннің туылуы мен түсінілуін компьютерлік модельдеуге бағытталады. 2. Тілдік категоризациялау ұстанымын зерттеу; Бұл салада Э.

Роштын идеяларын ілгері дамыту арқылы Дж. Лакофф біршама табыстарға қол жеткізді. 3. Ұғымдық құрылымы мен оны оның тілдік қатысын зертеу; 4. Когнитивтік – семантикалық суперкатегорияларды зерттеу; 5. Тілдегі қозғалыстың концептуализациялау типтерін және кеңістік қатынастарын зерттеу; 6. Адам санасы мен тілінің денелік (тәндік) базисін зерттеу; 7. Тілдегі метафоралық және метонимиялық құбылыстарды зерттеу; Сондықтан зерттеу мынандай бағыттарда жүргізілуі тиіс:

а) таңбалар арқылы берілген білім түрлері мен табиғаты (гносеология – таным теориясы), таңбадан білімді айырып танудың механизмі, яғни интерпретациялау тәртібі (когнитивті семантика және прагматика);

б) таңбалар мен олардың қызметін бағыттап отыратын заңдылықтардың қалыптасу алғы шарттары;

в) тілдік таңбалар мен онда көрініс тапқан мәдени реалилердің арақатынасы.

Когнитивтік лингвистикада бәріне бірдей ортақ мәселе «ақыл – ой – тәл – репрезентациялау – концептуализациялау - категоризациялау – қабылдау» ұғымдарының когнитивтік шынжырдағы өзара қарым – қатынасын анықтау мәселесі болып отыр. (Маслова, 2001)

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Арутюнова Н.Д. Типы языковых значений. – М. Наука, 1988.399
2. Телия В.Н. Коннотивный аспект семантики номинативных единиц. М. Наука, 1986. – 268
3. Телия В.Н. Типы языковых значений. Связиное значение слова в языке. М. Наука, 1981. – 268
4. В. Маслова. Когнитивная лингвистика, Москва. Наука, 2011, - 472с
5. В. А. Маслова Линвокультурология, М. Академия, 2011, - 203 с
6. Kadyrova, U. F., Matupaeva, Sh. Z. (2021). The Importance of Cluster Trends in Preparing Children with Disabilities for Inclusive Education. *JournalNX*, 1(1), 311-313.
7. Матупаева, Ш. З. (2019). Инновационные методы обучения в начальной школе. *Гуманитарный трактат*, (61), 81-83.
8. Ташмухамедова, Г. Х. (2022). Адаптация детей с ограниченными возможностями в современном обществе. *Innovative developments and research in education*, 1(12), 335-339.
9. Tashmukhamedova, G. K. (2022). Development of students'creativity on the basis of solving problem-creative tasks. *Galaxy International Interdisciplinary Research Journal*, 10(12), 1193-1194.
10. Ташмухамедова, Г. Х. (2021). Медиацентр университета как база для создания нового цифрового контента. *Современное образование (Узбекистан)*, (2 (99)), 24-28.
11. Nazirov, S. H. A., Erzhonov MO, Tashmukhamedova G. KH., Tuychiyev BO *Metody postroyeniya uravneniy ob" yektov fraktal'noy geometrii. Voprosy vychislitel'noy i prikladnoy matematiki. Vyp 130. Tashkent, 2014.*
12. Khudaiberdievna, T. G. (2019). Actual trends in modern creative photography. *World Scientific News*, 119, 85-96.

13. Ташмухамедова, Г. Х., & Баймухамедова, Д. Б. (2017). Синтез визуальных искусств. Высшая школа, (5), 62-63.
14. Ташмухамедова, Г. Х. (2017). Духовно-нравственное воспитание средствами фотографии. Высшая школа, 2(2), 51-52.